

DOI 10.31489/2020Ph3/6-13

ӘОЖ 81 23:811.512.122

С.А. Кенжеғалиев, Қ.Қ. Нұржанова

Қараганды техникалық университеті, Қазақстан
(E-mail: sayan582@mail.ru)

Абайдың ділге қатысты дәйектемелері

Мақалада жалпы ғылымда діл мәселесі бастапқыда тек әлеуметтану және мәдениеттану аясында қаралғаны дәлелденген. Алайда ділдік лексикон дегенде тілтанушы ділді зерттеп кетсе, лингвистикалық нысандан ауытқып көтөтіндігі айтылады. Өйткені ділдің тілге ықпалы күшті десек те, екеуі бір нәрсе деуге келмейді. Авторлар таралынан тіл ділдің тікелей фотографиялық суреті емес екені ұсынылған. Сондыктан ділдік лексиконды «діл» деген жалпы гуманитарлық үлкен мәселенің бір аз бөлігі ғана деп есептеген жөн. Оның өзінде бұл жолы біз ұсынып отырған мақаламызда Абайдың ділге қатысты дәйектемелерін талдаумен ғана шектелеміз. Бізге батыс пен орыстың ментальділік пен тілдің байланысы туралы пайымдаулары көнінен таныс. Солардың жолын ұстанатынымыз да жасырын емес. Дей тұрсақ та, өз топырағымызда не бар екенін түгендеп алудың ғылымның табиғи жолмен дамуына, оның шынайылығына ықпалы зор болатындықтан, тіл мен ментальділікті, яғни ділді осы жосықпен пайымдауға тырысады. Осы тұрғыдан келсек, діл мен тілдің орайласуы туралы мәселенің қазақ тілтануындағы бастауларын Абайдың кара сөздерінен көргө болатындығы тұжырымдалған.

Кітт сөздер: Абай, тілдік тұлға, лексикон, діл, ментал, ментальділік, имплицит, «Қара сөздер».

Ділдік лексикон дегенде еске бірден «ментал», «менталитет» сөздері түседі. Бұл сөздерді «діл» деп аудару ұсынылып, ғылыми көпшілік жағымды қабылдады. Мәселен, демограф-ғалым М.Тәтімов бұл сөздерді «діл», «ділім» деп аударғанды жөн санаған. Менталитетке әр тарапты анықтамалар берілген. Қандай да болмасын діл — рухани болмыс тарихының сығымдалған және тұрақты негізде қордалған, жеке адамдар мен әлеуметтік топтардың дүниетанымында орын алатын ерекше көрініс. Оны қалыптастыруда мәдениеттің, философияның, психологияның, ұлттық салт-дәстүрдің, тұрмыстың, қоғамдағы әлеуметтік ортандың, саясат пен идеологияның, экономикалық қатынастардың маңызы зор.

Философиялық тұрғыдан алсақ, менталитет — латын тілінен аударғанда (*mens* — ақыл, ойлау, ойлаудың бейнесі, жанның қатпары) бейсаналықты қосқандағы топтық және жеке сананың терең деңгейі. Менталитет — жеке және әлеуметтік топтардың қимылға, ойлауға, сезінуге және дүниені белгілі бір бейнеде қабылдау бағыты дайындығының жынытығы [1; 10].

Бұл жөнінде философ-ғалым Д. Кішібеков, өзінің белгілі «Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертен» атты монографиясында «менталитетті адамдардың нақтылы ісінен, өмір сүру тәсілінен, ойлау жүйесінен т.б. бөліп қарастыруға болмайды. Ол тек солар арқылы бейнеленетін, түсінуге болатын құбылыс. Олардан менталиетті жеке-дара бөліп алып қарастыруға болмайды деген қорытынды жасайды [2; 15–22].

Этнологиялық тұрғыда алсақ, менталитет — нақты жағдайға байланысты қылықтардың басым түрлері, нормалары мен үлгілері туралы этникалық түсініктер жүйесі. Бұл жүйе әлеуметтік ортада бейсана кешендерге (этникалық константаларға) негізделеді. Бұл тіршіліктің мәдени ортасын жасайтын құндылықтар жүйесі. Менталитет — сыртқы ортадағы әр алуан құбылыстарға орай этнос санасында болатын бірдей реакция [1; 10].

Ал мәдениеттанушылар менталитетке мынадай анықтама береді. Менталитет — инсанның тіл, ақыл, сана, ой, «менін» қоса алғандағы рухани қаруы. Менталитет жағымды, оң құбылыс қана емес, тілдің немесе ойдың белсенді әрекетінсіз ол түгелдей иррационалды болып шығады. Өзінің көрінісінде жоғары менталитет — таңдаусыз болатын түсінік, ол — инстинкт-интуиция деңгейінде көрінеді. Мәдениеттанушы менталитетті тар мағынасында ең алдымен тіл, сөз деп таниды [1; 10].

Алайда, ділдік лексикон дегенде тілтанушы ділді зерттеп кетсе, лингвистикалық нысаннан ауытқып кетеді. Өйткені ділдің тілге ықпалы күшті десек те, екеуі бір нэрсе деуге келмейді. Оның үстінен тіл ділдің тікелей фотографиялық суреті емес. Сондықтан ділдік лексиконды «діл» деген жалпы гуманитарлық ұлken мәселенің бір аз бөлігі ғана деп есептеген жөн. Оның өзінде бұл жолы біз ұсынып отырған зерттеуімізде тілдік инсанның сөйлеу үдерісін талдаумен ғана шектелеміз.

Бізге батыс пен орыстың ментальділік пен тілдің байланысы туралы пайымдаулары кеңінен таныс. Солардың жолын ұстанатынымыз да жасырын емес. Дей тұрсақ та, өз топырағымызыда не бар екенін түгендер алушың, ғылымның табиғи жолмен дамуына, оның шынайылығына ықпалы зор болатындықтан, тіл мен ментальділікті осы жосықпен пайымдауға тырыстық. Осы тұрғыдан келсек, діл мен тілдің орайласуы туралы мәселенің қазақ тілтануындағы бастауларын Абай мен Ахметтен көруге болады.

Алдымен бүгінгі қозғалып отырған мәселе діл (ментал) туралы тоқтала кетейік. Бұл сөздің түбірі — латынның көп мағыналы *mens* сөзі. Ақыл, ой, көңіл қүй, жсан деген сияқты мағыналарға ие. «Ментальность», «менталитет» деген ұғымдарға нақты да толық анықтама әлі берілген жоқ, абстракт қүйінде түсіндіріліп келеді. Алайда көшілік мойындайтын бір қағидалық жайт бар: ақыл-ес, сезім, ерік-жігер адам болмысының барлық жағын қамтиды, бұл үшеуінің жиынынан инсан жасалады. Ал олардың сомдалуынан халықтың сапасы келіп шығады. Мұны орыстың атақты тарихшысы В. Ключевский «халық темпераменті» деп, тағы бір тарихшы А. Щапов «қауымдық бейімділік (общинное предрасположение)» деп атапты. Зерттеушілердің бір токтамы менталитеттің рухани мәні мен руханияттың ақыл-естік мәнінің жұптарасын ментальділік деп атаған жөн [1; 13]. Діл, сонымен, халық рухының ігілігі. Ал Абайдың діл туралы тұжырымын 17-қара сөзінен көруге болады. Хакімнің қайрат, ақыл, жүрек үшеуінің таласына ғылымға төрелік айтқызатынын еске түсірейік (Еске сала кету артық емес: Абайдағы «ғылым» деген ұғым үстірт ойлағанға физика, лингвистика т.с. сияқтылардың жалпылауыш атауы тәрізді көрінуі де мүмкін, бұл ұғым Абайда өзгеше мәнде жұмсалады, дүниеауды мен діні ғылымды қамтиды.): «Сонда ғылым бұл үшеуінің сөзін тыңдаған болып, айтыпты:

— Ей, қайрат, сенің айтқаныңың бәрі де рас. Ол айтқандарыңнан басқа да көп өнерлерінің бары рас, сенсіз болмайтұғыны да рас, бірақ қаруына қарай қаттылығың да мол, пайдаң да мол, залалың да мол, кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты берік ұстап кетесің, соның жаман, — депті.

— Ей, ақыл! Сенің айтқаныңың бәрі де рас. Сенсіз еш нәрсе табылмайтұғыны да рас. Жаратқан тәңіріні де сен танытасың, жарапған екі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ сонымен түрмайсың, амал да, айла да — бәрі сенен шығады. Жақсының, жаманың — екеуінің де сүйенгені сен; екеуінің де ізdegенін тауып беріп жүрсің, соның жаман, — депті. — Сен үшеуінің басынды қоспақ — мәнің ісім, — депті. Бірақ сонда билеуші, әмірші жүрек болса жарайды. Ақыл, сенің қырың көп, жүрек сенің ол көп қырыңа жүрмейді: жақсылық айтқаныңа жаны — діні құмар болады. Қөнбек түгіл қуанады. Жаманшылық айтқаныңа ермейді. Ермек түгіл жиреніп, үйден қуып шығарады. Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сенің де еркіне жібермейді. Орынды іске қүшінді аяtpайды. Орынсыз жерге қолынды босатпайды. Осы үшеуің басынды қос, бәрін жүрекке билет, — деп ұқтырып айтушының аты ғылым екен. Осы үшеуің бір кісіде мәнің айтқанымдай табылсандар, табанының топырағы көзге сұртерлік қасиетті адам сол. Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпынды таза сақта, құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы, — депті» [3]. Мұны біреу әфсанә деп есептеуі мүмкін, ал біз ғылыми-танымдық трактатқа жатқызуға әбден бейілдіміз. Мұнан нендей түйінге келуге болады? Біздіңше, ділді қазақ жосығымен Абайша түсінуіміз керек. Сонда діл ақыл мен қайраттың жүрек ықпалымен таным арқылы болатын бірлігі дегенге саяды. Хакімнің осы сөзін қуаттай түсетін әрі қазақтың ділін тұспалдайтын 14-қара сөзіндегі мына бір максима: «Қазақ та адам баласы фой, көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдының сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулылықтың жоқтығынан азады».

Жалпы ғылымда діл мәселесі бастапқыда тек әлеуметтану және мәдениеттану аясында қаралды. Мәдениеттанушылар мен әлеуметтанушылар менталитетті «жан формасы», «рух функциясы» деп түсіндірді. Осыған орай психологтер рух функциясының өмірге аяқ басқан сәбидің әлемді қабылдауымен ұқсастығын байқады да, осы арқылы менталитетті, ментальділікті дәлелдеуге

ұмтылған еken. Абайдың ғылыми-философиялық, танымдық еңбектерінен, өлеңдерінен осы із байқалады. Демек, біз айтып отырған мәселелер бойынша максималық тұжырымдарға ойшыл әволюциялық жолмен келген. Дәлел үшін 7-нші, 19-ші сөздерін ұсынуға болады. Оқыық. 7-сөзден: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезben туады. Біреуі — ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар — тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола аламайды һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі — білсем еken демелік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып, қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетінкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу құлседе, біреу жыласа да, тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?», «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі — жан құмары, білсем еken, көрсем еken, үйренсем еken деген». Мынау — 19-ші сөзден: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайда білгені, көргені көп адам білімді болады», — деп жазады.

Қазақ тілінде *dıl* деген сөз қазір *ментальділік, менталитет* деген сөздің балауына алынып жүр. «Діл» — парсы сөзі, сөзбе-сөз аударғанда «жүрек» ағzasының атын білдіреді. Шындығында, «жүрек» деген сөзге көп мән-мағына сыйып кетеді. Абай да осындай кең мәнде қолданған (Асылы, Абай лексиконының семантикасын жеткізуге дәстүрлі түсіндірменің әлеуеті жетпейді, бұл үшін герменевтика керек.). Осы тұрғыдан келгенде, оның «*Тіл жүректің айтқанына қонсе, жалған шықпайды, амалдың тілін алса, жүрек ұмыт қалады*» [14-сөз], «*Жүректің тілін сөйле, тіл жалғаны жсоқ бояма*» деген пікірі тіл мен ділдің тұра пропорционал байланыста болатынын бүгін байқап «тауып» жүрген когнитивтік тілтанушылар мен психологиялық тілтанушылардың алдын әлдекашан орапт кеткеніне көзіміз жеткендей болады.

Лингвомәдениеттануда, когнитивтік тіл білімінде, менталингвистикада этнопсихолингвистикада «өзің арқылы өзгені», «өзге арқылы өзінді» тану, өзге мәдениетпен диалогке тұсу сияқты өзекті мәселелер бар. Абайдың: «Әр елдің тілін, өнерін білген кісі онымен бірдейлік пікірлесе алады, аса арсыздана жалынбайды», — деген пікіріне ой жүгіртсек, қандай тілдің иесімен болсын, паритеттік қарым-қатынасқа тұсу үшін тілді жалаң білу аз екенін, оның ділдік болмысын, өз сөзімен айтқанда, «өнерін» де білу керек екендігін болжамдауға әбден болады. Бұл жерде Абай өнер сөзін қазіргідегідей «искусствоның» баламасы ретінде емес, материалдық және рухани мәдениет, тіпті, тұрмыс-салт деген мәнде қолданып отыр деп санаймыз.

Қазіргі когнитивистикада, психолингвистикада ғаламның тілдік бейнесі, тілдік инсан, аялық білім дейтін санаттар кіндік санаттар болып табылады. Осы санаттарды зерттеудегі басты қағида — «Менің әлемімнің шекарасы менің тіліммен сыйылған». Демек, әлем аясындағы адамды оның тілі арқылы тануға болады. Осыны зерттеуге әдістанымдық тірек ретінде Абай хакімнің: «*Сөзіне қарай кісіні ал, — Kіcіge қарап сөз алма*», «*Адамға ғылым-білімді қобейтуғе екі қару керек: бірі — мұлахаза (пікірлесу), екіншісі — мұхафаза (сақтау, қорғау)*» [32-сөз], «*Кімде-кім сырттан естіп білу, көріп білу секілді нәрселерді қобейтіп алса, ол — көп жиганы бар адам. Ондай кісі жасаға естіп, көріп білгендерін сынап, орынды-орынсызын бағанағы жиган нәрселеріне қарай есеп қылады. Бұлай етіп харекет еткен адамды ақылды дейміз*» [43-сөз], — деген зейіндемелерін ұстансақ, адамды тілі арқылы парықтауда шындықтан жырақтамаспыз деп ойлаймын. Абайды оқығаннан тағы бір түсінгеніміз сол, ақынның: «*Мақсатым — тіл ұстартып өнер шашпақ, Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ*», — дегенін тіл ұстартуды өнер (мәдениет, зерде, таным, руханият деп түсіне тұрыныз) шашудың, сана мен ойлауды түзеудің амалы деп қабылдаймыз. Ал бұл өлеңнің жазба мәтіндерінде редакторлар «*тіл ұстартыптан*» кейін мәніске үнілмей үтір (,) койып екіштылық жасап жүр. Егер үтір (,) қойсақ, ақынның мақсаты тіл ұстарту және өнер шашу болады. Сонда Абайды тіл үйретуші деп ұғуымыз керек пе? Ақынның мақсаты тіл ұстарту емес екенін «өлеңді тілі орамды жастарға үлгі бермек үшін жазғанынан» әбден байқауға болады. Шындығында, «*көкірегі сезімді, тілі орамды* болса, оның тілін ұстартып жатудың өзі артықтау іс емес пе? Көрнекілік үшін мына шумақты оқуыңызға болады:

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,

Жоқ-барды ертегіні термек үшін,

Көкірегі сезімді, тілі орамды,

Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.

(Осы тұста белгілі лингвист А. Потебняның «Мысль направлена словом» деген қағидасы еске түседі).

Ахмет Байтұрсынұлының В.фон Гумбольдттің еңбектерімен таныс болған-болмағаны туралы мәлімет жоқ, алайда неміс ойшылының «Sprache ist Sinne Volks» деген тұжырымы мен қазақ ғұламасы А.Байтұрсынұлының «Сөзі жоғалған елдің өзі де жоғалады» деген нақылы мен үндесіп жатыр. Дәлелдейік. Орыстар Гумбольдтің бұл сөзін «Язык — это дух народа» деп аударып, ал қазақтар орыстан аударып «Тіл — халықтың рухы» деп айтып жүр, жазып жүр. Шындығында, немісше-орысша сөздікке, неміс тілінің сөздігіне қарасақ «Sinn» сөзі көп мағыналы екен: орыс тілінде «суть», «смысл», «значение», «сам», «сознание», «разум» дегенді білдіреді екен. Демек, қазақшалағанда «тіл — халықтың жаңы, мәні, өзі» болып шығады екен. Енді Гумбольдт пен Байтұрсынұлының пікірін салғастырыңыз...

Біз жоғарыда А. Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінен (қазіргі тұрғыдан қарасақ, бұл еңбектің жартысынан көп болігі тілтану мәселесіне арналған деуге болады) жеке инсанның тілді қолдануындағы психикалық-тәнімдік әрекеттерді көлтірдік. Әдістанымдік тұрғыдан қарап толығырақ тағы бір оқыық:

«Ойындағы, қиялтындағы, көніліндегі нәрсені тілмен айтып жеткізу өте қын. Сөз өнері жүзінде асқан өнерпаздар мұддесін тілмен айтып жеткізе алмай, сондай қиналғанда, өзгелерге ондай іс оңай болып табылар ма? Сондықтан сөзден жасап сөз шығару деген жұмыс әркімнің қолынан келе бермейді және шығарғандардың да сөздері бәрі бірдей жақсы бола бермейді.

Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,

Сонда да ішінде бар таңдамасы.

Іші алтын, сырты құміс сөз жақсысын

Қазақтың келістіреп қай баласы? —

деп Абай айтқандай сөз шығаратындар көп, бірақ келістіретіндері аз болады. «Алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай жүгіреді». Әр акын, әр жазушы сөздің басын өзінше құрастырып, өз оңтайымен тізеді. Өз білуінше пікірлейді. Сондықтан әрқайсысының лұгатында өзіндік айырымы, өзіндік белгісі болады».

Ғалым мұнымен адамның ділдік сипаттарының тіл арқылы көрінетінін меңзесе, енді осы ой-рух иесін инсанның оны жарыққа шығаруындағы даралық пен ортақ жалпылықтың болатынын ескертеді: «... жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-шарқынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қын. Ойын ойлаған қалпында, қиялтын мензеген түрінде, көнілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек. Мұддесін тілмен айтып жеткізу қын екендігін, оған өте шеберлік керек екендігін мынадан байқауға болады.

Ол — айырым белгілерін жай айтып түсінірdu қын, әрқайсысының шығарған сөздерін оқып, әбден танысып, үйреншікті болғандаға сөзілетін белгі. Шеберлердің қолынан шыққан нәрселермен таныс адам, сол шеберлердің істеген нәрселерін қай жерде көрсе де айтпай таниды. Сол сияқты сөз өнерпаздарының да шығарған сөздерін оқып, лұгатына үйір болғаннан кейін, оның бұрын оқылмаган, аты қойылмаған сөздерін де айтпай тануға болады. Сөздің өзін танытатын белгі — тіл яки лұгат белгісі болады. Ол белгі әркімнің өз ынғайымен, өз оңтайымен сөз тізіп әдептенуінен, салттануынан болады» [4; 10–11]. Демек, жеке адамның тілді жаратуының түбі оның ой-саналық қатпарларында жатыр.

Ділдік лексиконның қазақ тіл біліміндегі бастапқы ғылыми түсіндірмесі ретінде жоғарыда көлтірлген А. Байтұрсынұлының мұрасы жайлы сілтеме діл мен лексикон байланысына да түсіндірме бола алады. Онда тілдегі сөзді түгел білу сол тілді қолдана алушмен тең емес екендігі, тілді қолдана білу айттылмақ ойға қажетті деген сөздерді дәл таңдай білүмен танылатындығы айтылып, қазақ тілі «қазақ ортасындағы бәріне бірдей ортақ мұлік болғанмен, бәрі бірдей пайдаланбайтындығына» қоюл болінген. Автордың ойынша, сөз қолдану ортақ болғанымен де, өзара ажыратылатын даралық сипатта: «Сол сияқты, әркім пікірін сөз қылып шығарғанда да ана тіліндегі сөздерді әрқайсысы әртүрлі қолданады. Қысқасынан айтқанда, әркім сөзді өз қалауынша алып, өз оңтайынша алып тұтынған сөздер сол адамның тілі болады» [4; 18–19].

А.Байтұрсынұлы ділдік лексикондағы таным мен сөйлеу үдерісінің тығыз байланысты болатының орыс академигі Щербадан ширек ғасыр бұрын байқаған. Ғалым былай деп жазады: «Лебіз ашық мағыналы болу үшін, айтушы айтатын нәрсесін анық танитын болу керек. Адам анық танитын нәрсесін ашық атайды да, көмескі танитын сөзін көмескі, күңгірт атайды. Сондықтан біреудің айтқан сөзін түсінеміз де, біреудің сөзін анық түсінбей, жорамалдан жорып, ұйғарып қана қоямыз» [4; 20].

Таным теориясының қағидасы бойынша таным белгісізді белгіліге, дерексізді деректіге салғастыру жолымен жүреді. Мұның сөз саптаудағы көрінісін А.Байтұрсынұлы жазбай тапқан. Бұған

сөйлеу үдерісінде сөйлеуші сөзінің толық түсінікті болуы үшін «дерексіз заттарды деректі деректі затша, пернесіз заттарды пернелі затша қалыптауы» және «жансыз затты жанды заттай ғамалдауы» жайлары — дәлел [4; 23].

Ахмет Байтұрсынұлы тіл әлемінің аясына енбек инсанның мәдени-психологиялық толқынystарының себебін мәдениеттің адамзатқа ортақ екендігімен, сонымен бірге әр үлтта өзіндік сонылық болатынымен, бұлардағы ұқсастық пен сәйкестіктер олардың астарласуына мүмкіндік беретінімен түсіндіреді [5; 419–420].

Сөйтіп, сөз етіп отырған мәселеде мұнан былай әдістанымдық жолдың басында Абай ойы журсе, соны нәтижелерге қол жеткізуіміз әбден мүмкін.

Ахмет Байтұрсынұлы еңбектері ойдың иігі мақсатқа қарай дамығанын көрсетеді. Ахметтің пайымдамалары Абай ойларына әдістанымдық негіз ретінде сүйенгендей әсерде қалдырады. Өйткені тіл мен ділдің байланысына ғұламаған анағұрлым нақты жақындаған.

Енді осы ділдің жеке адамның тілді пайдалануына қатысы қандай екенін барлап көрейік. Бұл тұста ең басты ұстанатынымыз — тіл мен ой-сананың диалектикалық бірлігі. Қазіргі тіл білімінің теориялық зерттеу парадигмасының антропоөзектік басты ұстанымы тілдің диалектикалық бірліктең қызыметтерін тереңінен ашып, айқындаپ, тіл білімін заман талаптарына сай жаңа сапалы деңгейге көтеруге негіз болып отыр.

Бұл жөнінде әралуан бағдар бар. Соның бірі тілдің болмыс пен инсан арасында оларды қатыстыруши дербес буын екендігі туралы. Мұны Г.В. Колшанский жөн көрмейді: «Язык ... не может рассматриваться в качестве барьера между человеком и миром или самостоятельным познавательным механизмом, наделенным такими качествами, которые дают ему возможность представлять по-своему этот мир и доносить его до человеческого сознания. В принципе остается действительным лишь двуединство «мышление — мир», в котором формой существования мышления выступает язык, сохраняющий все существенные свойства предметного мира» [6; 19].

Инсанның психикалық танымы арқылы объективті дүниенің бейнесі қалыптасады, ол — адам санасындағы идеалды болмыс, оның материалдық пішіні — тіл. Қоршаган дүниенің бір бөлігі ретіндегі адам мен шындық болмыстың арасындағы диалектикалық байланыс осы екеуінің арақатынасында көрінеді, ал тіл — сана болмысының пішіні дәрежесінде объективті шындықпен астасып жатады. Тіл өз алдына жеке-дара дүние емес, дүние-болмысты игерудің түрі («форма овладения миром»). Г.В. Колшанскийдің бұл пікірі көңілге қонады. «Ойлау мен тілдің арақатынасы қатар өмір сүретін екі құбылыстың жай бір-біріне әсер ету қатынасы емес, мазмұн мен форманың диалектикалық бірлігі болып табылады. Бұл бірлікте алғашқылық, айқындаушылық қызмет ой-санада болады, өйткені ол шындық дүниенің идеялық бейнеленуі болғандықтан, өзінің тілдік формасын жасайды» [7; 55–56] дегенде, ойлау мен тілдің арақатынасы, табиғаты айқындала түседі. Мазмұн мен пішінің арасындағы байланысты ашқан кезде екеуінің диалектикалық бірлікте екенін анықтаған жөн. Тілдік пішін жай ғана дыбысталу емес, ол осы құбылыстың материалдық жағы ретінде оның идеалдық жағы — мазмұнмен қарама-карсы, екінші жағы болғанмен, олар ажырамас бірлікте болатыны тілдік пішіннің идеалды мазмұнның ықпалымен қалыптасқынан, сомдалғандығынан көрінеді. Осы зандаудықты А.П. Комаров былайша сипаттайды: «Языковое звучание есть не просто звучание, но звучание, тщательно обработанное, строго оформленное, изваянное идеальным, одухотворенное и, следовательно, несущее в себе идеальный момент в виде следов, отпечатков мыслительной деятельности. Форма есть проявление идеального, его материальное воплощение, «его иное», его переход в свою противоположность — в материальное» [8; 20].

Г.В. Колшанский адам санасындағы болмыстың белсенді түрдегі бейнеленуі сөз тудыру үдерісімен бір уақытта өріледі десе де, танылған объективті дүние табиғи дыбыстық тілде адам санасында, ойында қалыптасқан дүниеге айналатының айта келіп, ойлаудың тілдің алдын алатыны (ашығын айтқанда, ойлаудың тілден бүрын болатыны) ойлау мен тілдің бірлігін бұзбайтының айта келіп «тілдің объективті дүниеге тікелей қатысы жок, ол ойлаудың, ойдың бейнелеуші әрекетін берудің тәсілі», — дейді. Дүние-болмыс — ой тіл құбылыстарының арақатынасына байланысты жоғарыда айтылған ойларын қорыта келіп, фалым тіл мен ойды бірлікке тоғыстыра отырып, оларды «языковая мысль — мир» байланысында қарастырады [6; 24–25].

А.П. Комаровтың ой мазмұны мен тіл семантикасының арақатынасы туралы ерекше, атап айтқанда, ой бейнесінің мазмұны мен тілдік семантиканың арасында онтологиялық жағынан болсын, функциялық жағынан болсын, ауқым жағынан болсын ешқандай айырмашылық жок; ойлау әрекеті мен сөйлеу әрекеті — екі әрекет емес, екеуі де — әрекеттің бір түрі; тіл мен ойлау арақатынасы,

түптең келгенде, тілдің материалдық (дыбыстық) идеалдық (мағыналық) жақтарының бірлігіне саяды; болмыстың екі түрі: объективтік шындық — тілде екі аралық қатынас бар, объективтік шындық — ойлау — тіл тұрғысындағы ұшаралық қатынас болмайды; дүниенің екі бейнесі жоқ, концептуалдық (ойлық) және лингвистикалық (тілдік) деп ажырату методологиялық қасандыққа апарып, тілдік және тілдік емес сананы мойындап «тіл — ойдаң тікелей болмысы» деген негізгі тезиске қайшы келеді дейді [9; 130].

Тіл білімінің тарихында тілдік мағына теориясы әрдайым зерттеуші ғалымдардың назарында болды және де осы теория ауқымында тілдік мазмұн (языковое содержание) мен ұғымдық мазмұн (понятийное содержание) арақатынасын айқындау мәселесі маңызын жогалтпады. Өйткені тілдік семантиканың жалпы теориялық сипаты осы тұрғыдан ғылыми негізделе алатыны айқын болды да, жалпы грамматикалық семантиканың қыр-сырын аша тұсу қазіргі тіл білімі теориясының ең өзекті мәселесіне айналып отыр.

Тілдік семантика мен ұғымдық мазмұнның байланысы мен ара-жігін айқындау, түптең келгенде, тіл ғылыми мен философияға ортақ мәселе, ол тіл мен ойлаудың арақатынасын ғылыми негізде пайымдауга негіз болады [10; 92].

Ғалым А.П. Комаров тіл адам қоғамы дамуының жемісі ретінде онымен, оның дамуымен үндес, өзектес бола отырып, диалектикалық бірлікті болатындығын көрсетеді.

Г.И. Исина, Ху Синь Хуа, Д.Е. Аманбекованаң «Тіл этникалық менталитеттің туындысы ретінде» деген мақаласында «Қазақ халқының менталитеті — әртүрлі уақытта қалыптасқан, әртүрлі белгілердің жиынтығы: бұл отансүйгіштікте, кеңестік уақыттың менталдылық белгілері де, тұған мемлекетке құрметпен қарау секілді патернализм белгілері де, этникалық сана-сезімнің өсуі, барлық қазақстандық халқының этникалық өзін-өзі тануға деген ұмтылышы (көп этникалық әлеуметте), өзге мәдениеттердің құндылықтарын түсіну, әлемді сүюшілік және Еуразия аумағындағы өмір сүріп жатқан халықтардың ортақ мәдениеті ретінде орыс мәдениетімен жақындасу. Алайда, ұлттық сананың түрлендіру барысына қарамастан, қазақ ұлтының менталдылық белгілері халықтың рухани ерекшелігі ретінде сакталып келеді» — дегенді айтады [11].

Әр ұрпақ өзінен бұрын қалыптасқан дүниетанымды бойына жинаған ана тілін үйреніп, сол арқылы дүние-болмысты игеріп өседі, бірақ ол танушы субъекттің шындық болмысты ары қарай тануын шектемейді, ойлау үдерісі өз зандылықтарымен әрі қарай дами береді, оның нақты көрінісі болатын тіл де өзіндік зандылықтарымен болмыстың тілдік суретін қалыптастыра береді. Ойлау мен тіл диалектикалық бірлікті бола отырып, біріне-бірі әсер етіп, үнемі даму үстінде болады. Дүние-болмыс — объективтік шындық ретінде адамзатқа ортақ, оның адам санасындағы тану үрдісі де ерекше. Таным нәтижесінде қалыптасқан жалпы ұғымдық категориялар әр тілде өз жүйелік-құрылымдық сипаттарына, зандылықтарына сай тұлғаланады. Адам болмысы мен таным әлемін тұтастай қамтитын адам рухының әрекеті тіл арқылы көрінеді, сол әрекет нәтижесінде дүниенің тілдік бейнесі түзіледі.

Сөйтіп, біріншіден, жеке адам, ең алдымен, әлем қауымдастырының, адамзаттың бір бөлшегі (оны осы тұрғыдан қарап, ділі мен тілін тексергенде, Абайдың ақыл, қайрат, ғылым, жүректің адам өміріндегі қызметі туралы, жоғарыда келтірілген басқа тұжырымдарына сүйенген жөн деп санаймыз); екіншіден, ол қалай болса да белгілі бір ұлттың өкілі болып саналады (ділдік лексиконды саралағанда ұлттық болмыс зерттеушінің өз бойында болу керек, сонда тілдік инсанмен бірлесе алады); сонымен қатар, үшіншіден, оның өзіне тән психикалық, ойлау ерекшеліктері болады (мұны іс-тәжірибе, білім-білік, орта факторлары шешеді, зерттеуде ділдік лексиконның мұндай ерекшеліктері тәжірибелі талдау арқылы анықталады, жинақтау (синтез) арқылы топтастырылады).

Сонда, ділдік лексикон (ментальний лексикон) деген ұғым жоғарыда көрсетілген үш тұғыр (бұлар жалпы ділге (менталитетке) байланысты) нәтижесінде инсанның сөйлеу, сөзді қолдануындағы психикалық әрекеттермен тікелей де тығыз байланысты ұғым болып шығады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Колесов В.В. Язык и ментальность / В.В. Колесов. — СПб.: Петербургское востоковедение, 2004. — 240 с.
- 2 Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең / Д. Кішібеков. — Алматы: Ғылым, 1999. — 200 б.
- 3 Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы / А. Құнанбаев. — Алматы: Ғылым, 1977. — II т. — 312 б.
- 4 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер / А. Байтұрсынов. — Алматы: Атамұра, 2003. — 208 б.

- 5 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы / А.Байтұрсынов. — Алматы: Ана тілі, 1992. — 264 б.
- 6 Колшанский Г.В. Объективная картина мира в познании и языке / Г.В. Колшанский. — М.: Наука, 1990. — 107 с.
- 7 Тұрғынбаев Ә. Тіларалық байланыстар мен қатынастар диалектикасы / Ә. Тұрғынбаев, Л. Нұсқабаева. — Алматы: Білім, 2005. — 216 б.
- 8 Комаров А.П. Актуальные проблемы общего языкознания / А.П. Комаров. — Алматы: Изд. КазУМОиМЯ, 1995. — 82 с.
- 9 Комаров А.П. О внутренних противоречиях языка / А.П. Комаров. — Алма-Ата: Мектеп, 1988. — 152 с.
- 10 Рысалды К.Т. Дүние-болмыстың тілдік бейнесі туралы / К.Т. Рысалды // КазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. — 2005. — № 8 (90). — Б. 89–93.
- 11 Исина Г.И. Тіл этникалық менталитеттің туындысы ретінде / Г.И. Исина, Ху Синь Хуа, Д.Е. Аманбекова // Bulletin of Karaganda Universit. Philology series. 2019. — № 2 (94). — Б. 15–20.

С.А. Кенжегалиев, К.К. Нұржанова

Идеи Абая о менталитете

В статье изучен вопрос менталитете в разных гуманитарных науках. Изначально менталитет рассматривался в сфере социологии и культурологии. Если лингвист, изучая ментальный лексикон, ограничивается исследованием самого менталитета, то отклоняется от лингвистического объекта, так как менталитет и язык не являются одним целым, несмотря на то, что являются взаимозависимыми. Кроме того, язык не прямое фотографическое изображение менталитета. Поэтому ментальный лексикон следует рассматривать лишь как небольшую часть большой гуманитарной проблемы под названием «менталитет». На материале «Слов назиданий» Абая авторами статьи проанализированы идеи поэта о менталитете. Доказано, что впервые в казахстанской культуре вопросы менталитета, его связи с языком и языковым сознанием были поставлены в публицистике Абая.

Ключевые слова: Абай, языковая личность, лексика, менталитет, имплицит, «Слова назидания».

S.A. Kenzhegalyev, K.K. Nurzhanova

Abay's Ideas on Mentality

Despite the fact that the mentality has a strong influence on the language, linguistic vocabulary deviates from the linguistic object if the linguist tracks the language. In addition, language is not a direct photographic depiction of the mentality. Therefore, the vocabulary of mentality should be considered only as a small part of the big humanitarian problem as a whole. However, this time in our article we restrict ourselves to an analysis of Abay's arguments regarding the psyche. We are well aware of the views of the West and Russians on the relationship of mentality and language. It's no secret that we are following in their footsteps. However, since the inventory of what is on our earth has a great influence on the natural development of science, its authenticity, we tried to interpret the language and mentality in this way. From this point of view, the origins of the question of the relationship between reason and language in Kazakh linguistics can be seen in Abay.

Keywords: Abay, linguistic personality, lexicon, mentality, mental, implicit, qara soz.

References

- 1 Kolesov, V.V. (2004). *Yazyk i mentalnost* [Language and mentality]. Saint Petersburg: Peterburhskoe vostokovedenie [in Russian].
- 2 Kishibekov, D. (1999). *Qazaq mentaliteti: keshe, bugin, erten* [Kazakh's mentality: yesterday, today, tomorrow]. Almaty: Gylym [in Kazakh].
- 3 Qunanbaev, A. (1977). *Shygarmalarynyg eki tomdyq tolyq zhinagy* [Full collection of works in two volumes]. (Vol. II). Almaty: Gylym [in Kazakh].
- 4 Baitursynov, A. (2003). *Adebiet tanytqysh. Zertteu men olander* [Literary reference book. Research and poetry]. Almaty: Atamura [in Kazakh].
- 5 Baitursynov, A. (1992). *Til tagylamy* [Language tutorial]. Almaty: Ana tili [in Kazakh].
- 6 Kolshanskii, G.V. (1990). *Obektivnaia kartina mira v poznaniii i yazyke* [Objective picture of the world in knowledge and language]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 7 Turginbaev, A. & Nusqabaeva, L. (2005). *Tilaralyq bailanystar men qatynastar dialektikasy* [The dialectic of interlanguage relations]. Almaty: Bilim [in Kazakh].
- 8 Komarov, A.P. (1995). *Aktualnye problemy obshchego yazykoznanija* [Actual problems of general linguistics]. Almaty: Izdanie Kazakhskoho universiteta mezhdunarodnykh otnoshenii i mirovykh yazykov [in Russian].

9 Komarov, A.P. (1988). *O vnutrennikh protivorechiakh yazyka [About the internal contradictions of language]*. Alma-Ata: Mektep [in Russian].

10 Rysaldy, K.T. (2005). Dunie-bolmystyn tildik beinesi turaly [About the linguistic picture of the world]. *Qazaq ultryq universitetinin khabarshysy. Filoloquia seriassy — KazNU Bulletin. Philology Series*, 8 (90), 89–93 [in Kazakh].

11 Isina, G.I., Hu Sin Hua, & Amanbekova, D.E. (2019). Til etnikalyq mentalitettin tuyndysy retinde [Language as a product of ethnic mentality]. *Qarashandy universiteti khabarshysy. Filoloquia seriassy. Bulletin of Karaganda University. Philology series*, No. 2 (94), 15–20 [in Kazakh].

RETRACTED